

Ұлт рухын асқақтатқан ұлы мереке

ПРЕЗИДЕНТ



ТУ КӨТЕРУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне арналған Мемлекеттік ту көтеру салтанатты рәсіміне қатысты. Шара «Ақорда» резиденциясының алдында өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Құрмет қарауының бастығы рапорт берді. Содан кейін Президенттің бұйрығымен Мемлекеттік ту көтеріліп, еліміздің Әнұраны орындалды.

Ұлттық мереке – Республика күнін ресми түрде атап өту осы салтанатты шарадан басталды. Еліміздің барлық өңірінде Мемлекеттік ту көтеру рәсімі өтті.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті отандастар!

Баршаңызды ұлттық мерекеміз – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанның тарихи таңдауын айқындаған Егемендік декларациясы – елдігіміздің берік тұғыры. Онда мемлекетіміздің аумақтық тұтастығының мызғымастығы, халқымыздың жалпыұлттық бірегейлігін нығайтуға ұмтылысы және азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілетіндігі нақты көрініс тапқан. Осы басты қағидаттар Конституциямызда, заңдарда және Қазақстанның стратегиялық бағыт-бағдарын белгілейтін басқа да құжаттарда көрсетілген.

Республика күні ырысты ынтымақ пен өзара тілеуестіктің арқасында халқымыздың барлық сын-қатерден сүрінбей өтіп, азаттыққа жеткенін айғелейді. Біз бабалар аманатына адал боламыз. Ел бірлігін әрдайым нығайта береміз. Егемендігімізді қадір тұтып, көздің қарашығындай сақтаймыз.

Халқымыз тату-тәтті әрі берекелі қоғам құруға бар ерік-жігерін жұмсайды, жасампаз ісімен жаңа белестерді бағындырады. Әрбір отандасмыз Адал азамат деген атқа лайық болып, елімізді дамытуға салмақты сөзімен, өнегелі ісімен үлес қосады.

Біз бірге мақсатымызға жетеміз – баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құрамыз.

Байрағымыз көк аспанда асқақ желбересін! Ұлттың рухы қашанда биік болсын! Еліміз өсіп-өркендей берсін!

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!

САЛТАНАТ

ЕҢБЕКТЕ ЕЛЕНГЕНДЕР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



Кеше Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық-драма театрында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Республика күніне орай салтанатты жиын өтті. Аймақ басшысы алдымен жиынға қатысушыларды еліміздің ең басты мейрамымен құттықтады.

СБ Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

– Республика күні – бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын, халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын ең ұлық мереке. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өткен жылы қайта жаңғырған Республика күнінде: «Бұл – қазақтың сан ғасырлық мемлекеттік дәстүрі жаңғырған күн. Бұл – бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күн. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат Тәуелсіздігіміздің саяси-құқықтық негізін қалыптастырды.

Бір сөзбен айтсақ, Декларация – еліміздің Тәуелсіздік алуына жол ашқан ақжолтай құжат» деп атап өткен болатын.

Мемлекеттердің пайда болуы, егемендіктің мақсаты мен мән-мәнін көрсететін саяси құжат қабылдаудан басталады. Осы құжат арқылы қазақ елі өзінің дүниетанымын, болашаққа деген көзқарасын әлем елдеріне мәлімдеді. Еліміздің халықаралық қатынастарының дербес субъектісі болуын, сыртқы саясаты өз мүдделеріне сай белгілеу құқығын жариялады. Халқымыздың мәдени және тарихи қазынасы,

бүкіл экономикалық, ғылыми-техникалық әлеуеті өз меншігіміз екені баян етілді.

Декларацияда саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді дербес шешу принципі жарияланып, республикамыздың өз бюджетін қалыптастыратыны айқындалды. Егемендік туралы декларация – азаттығымызға ұмтылған алғашқы батыл қадам.

Егемендіктің алғашқы күндерінен бастап күрделі әлеуметтік-экономикалық ахуалға мұнаймай, жұдырықтай жұмыла білдік. Бірлігіміздің негізінде ұлттық-мәдени, әкімшілік-аумақтық дамудың жаңа дербес құрылымы қалыптаса бастады. Барлық саяси күш-жігер қоғамды ұйымдастырып, келісімнің биік деңгейін көрсеткені – тарихта қалар үлкен сабақтың үлгісі. Бұл Ұлы дала демократиясындағы саяси мәдениеттің көрінісі екені анық, – деді Н.Нәлібаев.

2-бет

МЕРЕЙ



ИМАМЗАДА ШАҒЫРТАЕВ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ

Апта басында Астанадан ақжолтай хабар жетті. Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградамен марапатталды. Оның ішінде жерлесіміз, белгілі меценат-кәсіпкер, «Таң ЛТД» ЖШС директоры Имамзада Шағыртаевқа өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді.

СБ Ержан ҚОЖАН, «Сыр бойы»

3-бет

ЖАҢА ДА ҚҰАТТЫ ЖЭО

Республика күні қарсаңында және Сыр өңірінің 85 жылдығына орай Қызылорда қаласында жаңа жылу-электр орталығының құрылысы басталды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа нысанның іргетасын қалау рәсіміне қатысып, қызылордалықтарды қос мерекемен құттықтады.

«Мемлекет басшысы 25 қазан – Республика күнін «қазақтың сан ғасырлық мемлекеттік дәстүрі жаңғырған, бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күн» деп атап өтіп, өткен жылдан бері ұлттық мереке ерекше мәнге ие болды. Ұлтымыздың еркін өмірге және дербес дамуға ұмтылысын паш ететін мереке қарсаңында Сыр өңірінде көптеген игілікті істер атқарылуда. Бүгін Қызылорда қаласындағы жаңа жылу-электр орталығының іргетасы қаланады.

2-бет



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестерім!

Баршаңызды еліміздің ең ұлық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мейрам – бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күн.

Өздеріңізге белгілі, Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың тұңғыш жиынында Мемлекет басшысы Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынып, оны еліміздің басты мейрамы ретінде атап өту туралы бастама көтерді. Бұл бастама халықтың қолдауына ие болып, тиісті заңға өзгеріс енгізілді.

Ел Президенті «Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам. Мерейлі күн азаматтарымыздың өзара түсіністігін, тұтас ұлтымыздың еркін өмірге және дербес дамуға ұмтылысын паш ететін мереке болмақ» деген болатын.

Қазір біз бабалар аңсаған азат елге айналдық. Әлем мойындаған мемлекет атандық. Бұл – халқымыздың ортақ жеңісі.

Елдік рух пен ұлттық ұстанымды ұрпақтың сана-санауына сіңіруде алдымызда мол міндет пен мақсат бар. Осы жолда Сыр өңірінің өнегесін жаңғырта түсуіміз керек.

Біз ел ертеңіне деген сеніммен кемел бағдарымызды бағындырып келеміз. Аймақта айтулы істер, жарқын жобалар жүзеге асуда.


Биыл облыста 9 мектеп пайдалануға берілуде. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 21 мектептің құрылысы басталуда. Физика-математика бағытындағы мектеп-интернаты мен «Оқушылар үйі» салынууда. 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы, Қан орталығы бой көтеруде. «Анаға тағзым», «Отбасы» орталықтары қызметін бастады. Жыл соңына дейін «Өнер орталығы» халық игілігіне табысталады. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 27 нысанның құрылысы жүруде.

Мереке салтанатында жаңарған қаланың көркем келбетіне көз жетіп, көңіл толып, өскелең өмірге қадам бастық.

«Туған жерді бірге түлетейік» бастамасы аясында демеушілер есебінен өңірімізді дамытуға 37 млрд теңге қаржы тартылды. Оған әуежайдың терминалы, бірнеше әлеуметтік нысан, демалыс саябақтар салынууда. 80 спорт-ойын алаңы табыстатылып, көпқабатты 50 үйдің қасбеті жаңартылды, аулалар абаттандырылды.

Бұл – бекем бірлігіміз бен тату тірлігіміздің арқасында жасалған жұмыстар. Әлі де межелі асу мол, жетістігіміз алда. Бүгінгі мерекені пайдалана отырып, әр шаңыраққа шаттық, бақ-береке тілеймін. Егемендігіміз еңселі, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Құрметпен, облыс әкімі Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ



БАСПАСӨЗ – 2023



Құрметті оқырман!

2024 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқаны басталды

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.



ЕҢБЕКТЕ ЕЛЕНГЕНДЕР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



Облыс әкімі жаңғырған ұлттық мерекеге орай өткен жылдан бері елімізде бірлігіміздің символы салтанатты түрде Ту көтеру дәстүрі қалыптасқанын да атап өтті. Ту көтеру рәсімі ұлттық мерекенің маңызын арттыра түсті. Кеше Ақордада Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен Мемлекеттік Ту көтеріліп, Еңуран орындалды. Елдік рух пен ұлттық бағыттымызды бекемдей түсетін шара өткізілді.

– Республика күні қарсаңында ұлттық мерекеміздің саяси мәнін айшықтайтын жұмыстар жасалуда. Байқоңыр қаласындағы үш көшеге ұлт рухын асқақатқан ұлылардың есімі берілді. Бұдан былай Байқоңыр қаласындағы Авиационный көшесі даңқты әскери қолбасшы, Кеңес Одағының батыры, жазушы Бауыржан Момышұлының, Гостиничный проезд көшесі Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың, Внутриквартальный проезд көшесі қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының батыры Мәншүк Меметованың атымен аталады. Баршаңызды жағымды жаңалықпен құттықтаймын, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, облыс әкімі жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысқанын, Президентке аймақтың тыныс-тіршілігі мен алдағы міндеттері баяндалғанын айтты.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы өңір үшін маңызды мәселелерге қатысты тарихи шешімдер қабылдады. Көптің көкейінде жүрген «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізін Ақтөбе қаласына дейінгі аумағын төрт жолаққа айналдыру және қаладағы ыстық су мәселесін алдағы екі-үш жыл ішінде шешілетінін айтты. Мемлекет басшысы Үкіметке бұл жобаларға қажетті қаржы бөлу туралы нақты тапсырма берді. Бұл жобаларды жүзеге асыруға 1 триллион 125 миллиард теңге қаражат жұмсалып, Мемлекет басшысының өңір халқына ыстық ықпалы мен бірлесіп атқарған жұмыстарға берген өз бағасын жеткізіп келеді, – деді облыс әкімі.

Ұлттық мерекеге Сыр өңірі жаксы жетістіктермен жетті. Үкіметтің ресми мәліметі бойынша облыс өткен сегіз айдың тоғыз айдың қорытындысымен республикада өңірлер арасында алғашқы үшінші орынды иеленді. Мемлекет басшысының қолдауымен аймақ бюджеті 609 миллиард теңгеге жетті. Өткен жылмен салыстырғанда облыс тайқазаны 57 пайызға өсті. Бұл ауқымды қаражат өңірдің өзекті мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға жұмсалуда. «Туған жерді бірге түлетейік!» бастамасы аясында демеушілер есебінен өңірді дамытуға 57 миллиард теңгеден астам қаржы тартылуда. Өңір үшін тарихи шара – Қызылорда қаласында жаңа жылу-электр орталығының іргетасы қаланды. Егемендік жылдарындағы инвесторлар қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба тұңғыш жылу-электр станциясының құрылысы аймақта бастау алды. Құны 215 миллиард теңге болатын бұл жоба 2025 жылдың тамызына дейін іске қосылып, ел игілігіне пайдалануға беріледі.

Облыс әкімі аймақ жетістіктері туралы айта келе, «адал азамат» ұғымына айрықша тоқталды. Тәуелсіз еліміздің жүріп өткен жолын, қадірін

1-бет

кеменгер халқымыз бен аға ұрпақ біледі. Оны жас ұрпаққа жеткізсек, санасына сіңіре алсақ, бұл шын мәнінде, ұлттық болмыстың жаңғыруы болар еді.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы Нағи Ілиясов ауылында еңбек адамдарымен кездесу сәтінде адал істі құндылыққа балаған еңбек адамдарына зор құрмет көрсетіліп, әрдайым қолдау білдіретінін жеткізген болатын. Президентімізге туған жерінің өркендеуіне елеулі үлес қосып, халқымыздың әл-ауқатының артуына күш салып жүрген бірқатар еңбек адамын марапаттауға ұсыныс білдірдім. Әлемнің әміршісі – еңбек деген ұлы қағиданың ұрпақ үшін ұлағат екенін танытып, күні кеше елорда төрінде өткен салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Таң» шаруа қожалығының төрағасы Шағыртаев Имамзада Қуанышбайұлына ең жоғары мемлекеттік награда – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын табыстады. Президентіміз марапаттау кезінде: «Басқа да салада, соның ішінде ауыл шаруашылығында өнімді еңбек етіп жүрген азаматтарымыз аз емес. Осындай нағыз еңбек адамдарының бірі – Сыр елінің азаматы Имамзада Шағыртаев. Оның ауылы да, шаруасы да көпшілікке үлгі болуда. Табысқа жеткен әрбір жан өз ауылына дәл осылай қамқор болса, нұр үстіне нұр болар еді. Аймақты дамытуға орасан зор үлес қосқаны үшін Имамзада Қуанышбайұлы бүгін Қазақстанның Еңбек Ері атағына ие болды» деп атап өтті.

Имамзада Қуанышбайұлы – аймақ дамуына ерекше үлес қосып, «Таң» және «Ақжар» ауылдарына 1 миллиард 150 миллион теңгеден астам демеушілік көрсеткен жомарт жүректі кәсіпкер, меценат, елжанды азамат. Бұл награда – бір азаматқа ғана емес, аймақтағы барша еңбек адамдарына, Сыр еліндегі жасампаз істерге берілген жоғары баға, – деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты жиында Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев өзіне көрсетілген бұл құрметтің Мемлекет басшысының өңірге деген қамқорлығы, ыстық ықыласы екенін атап өтті. Ақ күршістің атасы атанған Ыбырай Жақаевтың ізін жалғап, күршістен тау тұрғызған барша Сыр диқандарының ортақ ең жоғары марапаты екенін жеткізді. Сондай-ақ, елорда төрінде «Парасат» орденімен наградталған ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі Қылышбай Бисенов жерлестерін Республика күнімен құттықтады.

Салтанатты іс-шарада аймақ басшысы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері, белсенді қоғамдық қызметі, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар азаматқа мемлекеттік орден, медаль және Қазақстан Халқы Ассамблеясының марапаттарын табыстады.

Мерекелік кеш концерттік бағдарламаға ұласты.

Айта кетейік, Республика күнін атап өту аясында өңірде маңызды, мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылуда. Қызылорда қаласының Рәміздер алаңында Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі өтті, облыс орталығында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынатын 900 орындық білім ошағының, жаңа жылу-электр орталығының іргетасы қаланды.

МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен награптау туралы
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын дамытудағы айрықша жетістіктері, сондай-ақ қоғамдық-саяси қызметтегі аса үздік еңбегі үшін:

жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын:

Шүкежанова Алма Сайдахметқызы – «№ 7 жалпы білім беретін орта мектеп-лицей» КММ мұғалімі, Семей қаласы.

3. Өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін:

жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік

белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын:

Шағыртаев Имамзада Қуанышбайұлы – «Таң ЛТД» ЖШС директоры, Қызылорда облысы.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда,
2023 жылғы 23 қазан
№ 390

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2023 жылғы 16 қазандағы Жарлығына сәйкес елордада Мемлекет басшысының қатысуымен өткен салтанатты жиында жерлесіміз Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты **Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызы** «Парасат» орденімен наградталды.

Ақмарал Шәріпбайқызы – меди-

цина ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісін үздігі.

«Шапағат» медалі мен «Құрмет» орденінің иегері.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Қарин Ерлан Тынымбайұлының қатысуымен өткен салтанатты жиында мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлт-

тық құрылтай мүшесі **Бисенов Қылышбай Алдабергенов** «Парасат» орденімен наградталды.

Қылышбай Алдабергенов – техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Құрмет» орденінің иегері.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2023 жылғы 16 қазандағы № 377 Жарлығына сәйкес:

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері, белсенді қоғамдық қызметі, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін:

«ПАРАСАТ» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

БАЙМАХАНОВ Қожахмет Мәдібайұлы – Қызылорда облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері.

БАЙҚАДАМОВ Наурызбай Сейтқалиұлы – Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері.

ҚҰЛБАЕВ Алданберген – «Қызылдиқан» шаруа қожалығының төрағасы, Сырдария ауданының Құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Құрмет» орденінің иегері.

ӘУБӘКІРОВ Асқар Әкімбаев – «Кристалл Менеджмент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директорлар кеңесінің төрағасы, меценат, «Құрмет» орденінің иегері.

ҚАРСЫБЕКОВ Оразхан Қайыржанұлы – Kazpetrol Group жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің байқаушы кеңесінің төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері.

ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ Қазыбай – экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Мәскеудегі Педагогикалық білім беру халықаралық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Білім беру ісінің құрметті қызметкері әрі үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

АЛИЕВ Садық – Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ҚАЙРОЛЛАҰЛЫ Қорғанбек – еңбек ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы.

РАХИМОВ Тастемір Сауранбайұлы – құқық қорғау саласының ардагері, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы.

СҮЛЕЙМЕНОВ Кенжеғара – Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, Жалағаш аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы.

ҚЫСТАУБАЕВА Азия – Жаңақорған аудандық «Ұрпақтан-ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы.

ОРАЗМАХАНҰЛЫ Шынжырбай – Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасы көпбейінді облыстық ауруханасының нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі, жоғары санаттағы дәрігер-нейрохирург, Шиелі ауданы мен Қызылорда қаласының Құрметті азаматы.

ОҢҒАРБАЕВ Аманжол Сақыпұлы – «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры. Қызылорда облыстық мәслихатының бірнеше шақырылымдарының депутаты.

Қазақстан Республикасы Журналистер одағының Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ИБРАЕВ Рашид Өткелбайұлы – «Бастау-S» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты.

САТАНОВ Мирамбек Амантайұлы – «Най-Мир» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

БАЙМАНОВ Шахмардан Асқарұлы – Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ШАЛҚЫБАЕВ Қанат Әйтешұлы – «Шалқибасев Қ.А.» жеке қыш шығару зауытының басшысы.

МАУБАЙ Жайықбек Жетесұлы – «Қыран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары.

БАҚЫТБЕКҰЛЫ Нүркен – «Ер-Ару-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты, Сырдария ауданы мен Қызылорда қаласының Құрметті азаматы.

МОЛЖАНОВА Алтынай Бекмағанбетқызы – Қызылорда облыстық мәдениет және спорт басқармасының «Анаға тағзым» орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

ИБРАЕВ Нұрболат Балтабайұлы – «Орда - Автодор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты.

ҚАРАМҰРЗАЕВ Сәбит Қылышбайұлы – «Шыңғыс құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

ІІІ ДӘРЕЖЕЛІ «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

АЙЫМБЕТОВ Әділбек – Арал ауданының Құрметті азаматы, ауыл шаруашылығы саласының ардагері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ЫДЫРЫСОВ Серхожа – еңбек ардагері, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ЕРНАЗАРОВ Қайрат Шаршыбекұлы – «Бақ-Береке 2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ДӘРІБАЕВА Гүлсім Әбілкасымқызы – «Ақмая» шаруа қожалығының күріш бригадирі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

«ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

МӘУИЯҰЛЫ Рахим – еңбек ардагері, Шиелі ауданының Құрметті азаматы.

ҚҰЛДҮЙСЕНОВ Әбдірахман – еңбек ардагері, Қармақшы аудандық қоғамдық кеңес төрағасы.

ЖАҢА ДА ҚҰАТТЫ ЖЭО

Өткен жылдың тамыз айында «Акса Энерджи» компаниясы мен Энергетика министрлігі Қызылордада қуаттылығы 240 мегаватт, құны 215 млрд. теңге болатын жаңа жылу-электр орталығын салу туралы келісім-шартқа қол қойып, қыркүйек айында капсула салу рәсімі өткеннен барлығыңыз хабардарсыздар. Бұл салада мол тәжірибе жинақтаған «Акса Энерджи» компаниясы Америка, Еуропаның «Дженерал Электрик», «Сименс» және басқа да ірі компанияларына соңғы үлгідегі заманауи қондырғыларды дайындауға алдын ала төлем жасады.

Бүгінгі күнге дейін «Акса Энерджи» компаниясы 76 млрд теңгеден астам инвестиция салып, қазақстандық «Интергаско» компаниясын бас мердігер ретінде таңдады. Жаңа станцияны «көгілдір отынмен» қамтамасыз ететін жобаның мердігері 16 қарашада анықталып, жыл соңына дейін құрылыс жұмыстарын бастау жоспарлануда.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері

республика аумағындағы жылу-электр өндіретін алғашқы ірі нысан біздің аймақта салынады! Бұл – Сыр елінің инфрақұрылымдық дамуына жасалған айрықша мүмкіндік әрі ақжолтай жаңалық! Жаңа жылу-электр станциясы тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба екенін айтуға тиіспіз.

Жобаның іске асуына ұйытқы болған Энергетика министрлігіне және мүдделік танытқан «Акса Энерджи» компаниясының басшылығына барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымызды жеткіземіз! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Орталық 2025 жылдың тамыз айында ел игілігіне табысталамақ.

Бас мердігер «Самұрық-Қазына» ұлттық компаниясының тапсырысы бойынша 2016-2019 жылдары Атырау облысында қуаттылығы 310 МВт газ-электр станциясының құрылысын жүргізді. Сонымен қатар, «Тенгиз-шевройл», «Шеврон», «Норд Каспиан Оперейтинг» компанияларында жұмыс атқаруда.

Республика күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жеңіл атлетикадан балалар мен жасөспірімдердің олимпиадалық резерв мектебінің теннисшілерімен кездесті. Мемлекет басшысы өңірге сапары кезінде потенциалы зор жас спортшыларды қолдау жөнінде тапсырма берген болатын. Осыған орай теннисшілерге жаңа кәсіби ракеткалар табысталды.

ПРЕЗИДЕНТ АТЫНАН РАКЕТКАЛАР ТАБЫСТАЛДЫ



– Сіздерді 25 қазан – Республика күнімен және Қызылорда облысының 85 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі болашағымыз. Сіздер спортпен айналысып, салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, дені сау ұлт болашағын қалыптастырып келесіздер. Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы сіздермен кездесуде бойларыңыздан жеңіске деген жігерді байқап, қолдау білдіруді тапсырды. Осыған орай, сіздерге аса құрметпен Мемлекет басшысының аманаты – кәсіби ракеткаларды табыстауға рұқсат етіңіздер. Өзі кішкентай болса да, Президентіміздің зор

жанашырлығымен берілген бұл сыйлық сіздердің спортқа, оның ішінде үстел теннисіне деген ынталарыңызды арттырып, болашаққа нық сеніммен қадам басуларыңызға септігін тигізеріне сенімдімін. Ал біз өз кезегімізде әрқашан қолдау білдіруге дайынбыз, – деді аймақ басшысы.

Еске салсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Нағи Ілиясов ауылындағы спорт кешенінде жас спортшылармен кездесіп, іттипат білдірген болатын.

Облыста үстел теннисімен 12 908 спортшы шұғылданады. Қызылордада теннис турлері бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебі ашылып, онда 300-ден аса жеткіншек тәрбиеленуде.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»: ТАҒЫ БІР БІЛІМ ОШАҒЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Республика күніне және тарихи мен тағылымы терең облыстың 85 жылдығына орай Қызылорда қаласының сол жағалауында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынатын 900 орындық білім ошағының құрылысы басталды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мектептің іргетасын қалау рәсіміне қатысып, жерлеріңізді қос мерекеміз құттықтады.

– Мемлекет басшысының бастамасымен өткен жылдан бері Республика күнінің ұлттық мереке ретінде жаңа мазмұнда атап өтудеміз. Мерейлі күн қарсаңында бірқатар ауқымды жобалар бастау алды. Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12 300 орындық 21 мектеп салынады. Соның бірінші іргетасын бүгін ұлық мереке қарсаңында өздеріңізбен бірге қалаймыз. 900 орындық білім ордасында ұстаздар талапты, талантты, зейінді шәкірттерді тәрбиелеп, елге қызмет ететін тұлғалардың қанатын қатайтып ұшыратынына сенемін, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде «Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында 7,9 млрд теңгеге физика-математика бағы-

тындағы мектеп-интернат құрылысы қарқынды жүргізілуде. «ҚазГөрМұнай» компаниясының демеушілігімен 2,5 млрд теңгеге 350 орындық заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» құрылысы басталды. «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен Сырдария өзенінің сол жағалауынан 4,8 млрд теңгеге музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынады. Ауыл балалары үшін 900 орындық 4 мектеп осы жылы ел игілігіне табысталмақ.

Қала мектептеріндегі орын тапшылығы мәселесі қосымша құрылыс салу арқылы шешімін тапты. Облыс орталығындағы 4 мектептің қосымша ғимараты жаңа оқу жылында пайдалануға берілді. Мұғалімдер күнінде «Бәйтерек» шағын ауданынан 600 орындық жаңа мектеп ашылып, қала орталығына қатынап оқитын оқушылар өз үйіне жақын білім ошағына баратын болды.

– Басқа да салада, соның ішінде ауыл шаруашылығында өнімді еңбек етіп жүрген азаматтар аз емес. Осындай нағыз еңбек адамының бірі – Сыр елінің азаматы Имамзада Шағыртаев. Оның ауылы да, шаруасы да көпшілікке үлгі болып отыр. Табысқа жеткен әрбір жан өз ауылына дәл осылай қамқор болса, нұр үстіне нұр болар еді. Аймақты дамытуға орасан зор үлес қосқан Имамзада Қуанышбайұлы бүгін «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болды. Мен еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуі керек деп ұдайы айтып жүрмін, – деген еді Ақордада өткен салтанатты жиында Мемлекет басшысы.

Еңбек жолын өзі туған ауылы – «Таңнан» бастаған Имамзада Шағыртаев сол елден табан аудармастан қызмет етіп келеді. Қарапайым жұмысшы, артына мамандығына сәйкес механик, инженер-механик

1-бет

ИМАМЗАДА ШАҒЫРТАЕВ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ

болып жұмыс істеді. 1994-1998 жылдары Жалағаш аудандық «Асар» ассоциациясында инженер-механик болды, ал 2003 жылы «Таң ЛТД» серіктестігін құрды. Оның негізгі бағыты – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу. 2011 жылдан бері шаруашылықтың техника паркі түгел жаңартылды. Осы уақытқа дейін 1,8 млрд теңгеге жаңа үлгідегі 84 ауыл шаруашылығы техникасын алған.

Үш мың гектарға дейін Сыр салысын егетін шаруашылық қосымша төрт түлік есіреді. Бүгінде серіктестік есебінде 600 басқа жуық мал бар. Қосымша әртараптандыру бағытында малазықтық пен бақша дақылдарын егеді. 2019 жылы «Тұқым шаруашылығы» статусын алып, аудан шаруашылықтарын І репродукциялы «Лидер» сортымен қамтамасыз етуде. Сондай-ақ құны 400 млн теңгені құрайтын үлкен көлемде екі күріш зауытын іске қосты. Өнім Ресей, Иран, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б. мемлекеттерге экспортталады. Шаруашылық қосымша 150 млн теңгеге ет өңдеу цехын салып,

жартылай дайын өнімдерді әзірлеуде. Тәулігіне 1 тонна консервіленген ет шығарады.

Суды 60-70 пайызға үнемдеу және ауыл шаруашылығы саласын әртараптандыру мақсатында қытайлық инвесторлармен бірге Шиелі ауданында жалпы көлемі 3 мың гектар жерге «Тамшылатып суару әдісімен жүгері егу» жобасын қолға алды. Жоба құны 1,2 млрд теңге.

Кәсіпкер бүгінде 400-ден астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Оның 225-і – «Таң» ауылының тұрғындары.

Имамзада Шағыртаев – бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ауылды дамыту мен көркейтуге айтарлықтай үлес қосып, халықтың ризашылығына бөленген азамат. Туған ауылына 1 млрд 56 млн теңге, ал көршілес Қармақшы ауданының «Ақжар» ауылына 100 млн теңге демеушілік көрсеткен. Атап айтсақ, «Таң» ауылына 300 млн теңгеге 120 орындық «Таң бөбегі» балабақшасын салып берді. Балабақшада 21 адам жұмыс істейді. 56 млн теңгеге спорт кешенін ашса, 70 млн теңгеге Ұлы Отан соғысында

қаза тапқан боздақтарға арналған ескерткіш орнатты. Екі жыл бұрын ауыл ішін абаттандыру мақсатында 130 млн теңгеге үлкен грасса мен ауыл ортасындағы жол бойына жарық шамдарын орнатып, көшенің екі бетін қоршады.

Шаруашылық өз еңбеккерлерін ынталандыру және еңбек өнімділігін арттыру үшін 13 жылдан бері әр жыл сайын үздік нәтиже көрсеткен дикандар мен механизаторларға 6 жеңіл автокөлік және 300 млн теңге қаржылай сыйақы беріп келеді. Ал келесі жылы аудандағы әлеуметтік аз қамтылған 10 отбасыға баспана салып беру жоспарланған.

Елге болсын деген ниеттен ажырамаған кәсіпкер былтыр меценаттық қызметі үшін республикалық «Жомарт жүрек» байқауында «Туған өлке» номинациясын иеленді. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, іскер, халық арасында құрметке ие қарапайым азамат биыл ғана Қызылорда облысының Құрметті азаматы атанды. Сондай-ақ «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Құрмет» орденінің иегері.

БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ МӘРТЕБЕ

Республика күні қарсаңында еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына қосқан зор үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін қазақстандық бір топ азамат Президент қолынан жоғары марапаттарға ие болды.

Солардың бірі біздің жерлесіміз, белгілі кәсіпкер-меценат, «Таң ЛТД» серіктестігінің директоры Имамзада Шағыртаев екендігін естіп, қуаныш сезіміне бөлендік.

Осы ортақ қуанышты барша сыр-бойылықтармен бөлісе отырып, әріптес інімізді шын жүректен құттықтаймын! Бұл жоғары атақтың жауапкершілігі де жоғары. Бұл – халыққа қызмет етудің еселене түсуі. Имамзада Қуанышбайұлы өзінің туған жерге деген адал парызын түсіне білген және сол парызды өтеу жолында жанын аямаған азамат. Ол – нағыз еңбек адамы.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Басқа да салада, соның ішінде ауыл шаруашылығында өнімді еңбек етіп жүрген азаматтар аз емес. Осындай нағыз еңбек адамының бірі – Сыр елінің азаматы Имамзада Шағыртаев. Оның ауылы да, шаруасы да көпшілікке үлгі болып отыр.

Табысқа жеткен әрбір жан өз ауылына дәл осылай қамқор болса, нұр үстіне нұр болар еді» деп атап өтуі сөзіміздің нақ дәлелі.

Ел Президентінің жақында Қызылорда облысына келіп, Н.Ілиясов атындағы шаруашылықпен және ауыл бейнесімен танысып, ризалық білдіргенін жақсы білесіздер.

Біз бүгін Президенттің Имамзада Шағыртаевтың атына айтылған жылы лебізін барша Сыр елінің кемелденіп келе жатқан келбетіне берілген бағасы деп қабылдадық.

Мемлекет басшысының Имамзада секілді еңбек адамына деген шынайы құрметі бәріміздің мәртебемізді асқақтатты. Биік мәртебеміз ешқашан аласармасын.

Сыр елі еңбеккерлерінің абыройы аса берсін, табысы таси берсін!

Абзал ЕРӘЛИЕВ,
Қазақстанның Еңбек Ері

Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу мақсатында 1995 жылы Республика күні Ұлттық мереке ретінде аталып өтіле бастаған болатын. Бұл мемлекет дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне белгіленген еді. Алты жылдан кейін мереке ұлттық сипатын жоғалтты және 2009 жылы тізімнен алынып тасталды.

ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ – БІЗДІҢ БАҒЫМЫЗ

Араға 13 жыл уақыт салып, оның мәні мен мазмұны одан әрі артып, қайта оралды. Өткен жылы Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында Ұлытауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Бұл – еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек» деген бір ауыз сөзі мыңдаған қазақстандықтың рухын оятып, оны халық қуана қабылдады. Жалпы «Республика» сөзі латын тілінде «ортақ іс» деген мағына беретіні баршамызға белгілі. Бір сөзбен айтқанда, Республика өз ісіне жауапты азаматтардың ортақ іс-әрекетінің арқасында құрылады.

Бүгінде мерекенің сипаты өзгеріп, Қазақстан Республикасындағы демократияландыру үдерісін дамытуға бағытталғаны күн тәртібіне шығып отыр. Қазіргі уақытта осы идея «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымымен үндеседі. Адам жетістігі тұтас еліміздің табысты болуына жол ашатыны, оның үнемі басымдық болуы маңызды.

Сонымен бірге, қазір өздеріңіз ақпарат құралдары беттеріннен көріп-оқып отырғандай, әлемнің әр қиырынан тыныштық кете бастады. Бейбіт күн мен ашық аспаннның қандай бағалы екенін ұғына кез келді. Біздің бағымызға берілген тәуелсіздікті сақтап, елдің тыныштығын бұзбау керек. Кейбір пиғылы теріс адамдар осындай мемлекеттік мерекенің түпкі маңызын түсінбей, елдің арасына іріткі салып, алауыздық тудырғысы келеді. Біз дәл қазіргі күні нақты іс-әрекетке көшіп, халықтың әл-ауқатын жақсартуға жұмыс жасауымыз қажет.

Бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда қазіргі қазақ қоғамына ең қажет дүние – бейбіт өмір, тыныш тірлік. Сондықтан әрбір қазақ баласы, әрбір қазақстандық тыныштық пен бейбітшіліктің қадірін біліп, соның қамын жемек керек...

Қазір «демократия» дегенді желеу етіп желпініп жүрген азаматтар жақсы мен жаманды айыра білгені жөн. Бұлар айтып жүрген адам құқығы, ашық қоғам құр, т.б. әлемі ұрандар қарапайым халықтың сезімін тербеп, ойын арбап, әсіресе парасат-пайымы тұрақсыз, өмірге наразыларды еліктіріп өкету қаупі өте басым. Мұндай күмәнді дүрмекке әсіре ұлтшыл немесе сезімге берілгіштер тез ұрынады. Демек тыныштықты шайқап, бейбітшілікті бұзатын дүние ешқашан демократия болмайды.

Сол сияқты дәл қазір әлеуметтік желі арқылы өркім аузына келгенін айту немесе жазу, бейреуді орынысыз масқаралау сияқты келенсіз үрдіс етек алып барады. Ақылы бар адамға бұл да демократия емес. Өйткені, жалған сөз, жосықсыз ақпар – адамдардың ақ пен қараны ажыратып пайымдауына кедергі. Оның сыртында мұндай әлем-желем қызыл сөз бұқараны өсекке үйір қылумен бірге өтірікке үйретеді, үрей тудырады, сол арқылы халықты ақпараттың қайсысы шын, қайсысы жалған екенін ажырата алмайтын күйге түсіреді.

Жалпы алғанда, бұл мерекенің – егемендік пен мемлекеттік тұрғыда маңызы зор. Біз бүл күні ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу үлгісін көрсетуіміз керек. Тәуелсіз мемлекеттің барлық тыныс-тіршілігін, оның мемлекеттік құрылымын әлеуметтік-экономикалық дамуы мен саяси жүйесін қалыптастырып, оны нығайтуға атсалысқан, қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған заңдардың қабылдануы да заң шығарушы орган – Парламенттің үлесіне тиесілі. Егемендік декларациясын жарияладық, Конституциямызды қабылдадық, ұлттық стратегиялық мүдделерімізді анықтадық. Сондықтан бұл құжаттың маңызын төмендетуге болмайды.

Шахизат ТӨРЕБАЕВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

Тәуелсіздік – қай елдің болмасын басты игілігі. Баға жетпес құндылығы да сол. Ендеше біздің де тәуелсіздігіміз баянды болу үшін оның бастауы – Республика күні де ерекше маңызға ие болуы шарт.

ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

Мемлекеттік егемендік туралы Декларация негізінде Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері бекітілді. Онда алғаш рет ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта тудету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту сияқты мемлекеттік қағидалар бекітілді.

Республика күнін алғаш қалай атап өткеніміз де есімде. 90-жылдар – нарықтық экономикаға бейімделіп жатқан қиын кез. Алдымызда ел экономикасының дамуы мен халықтың әлуауқатын арттыру, қаржы саласының заманауи деңгейіне көтерілуі секілді жауапты міндеттер тұрды. Әсіресе, одақтың тарап, экономикалық байланыстардың үзіліп, өндірістер тоқтап тұрған кезеңде бюджет кірістерінің түсу жоспары орындалмай жатты. Соның салдарынан 5-6 айлап жалақы, жәрдемақылар берілмейтін еді. Қаржыгер ретінде осындай ауыр кезеңнің өтінде жүрдік.

Ол кезде мемлекеттік мерекелер қатарында болмаса да, жыл сайын атап өтілді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміз өтпелі кезеңнен өтті. Өндірістер тарап, шикізатты елге айналдық. Атом энергетикасы жолға қойылған төрт елдің бірі болған мемлекетіміз одан да бас тартуға мәнбұр болды. Жалақы мен жәрдемақы төлеу қиындық тудырып жатқан кезде, үлкен әскери доктринаны атқару қиын болды.

Мерекені алғаш кең көлемде 1997 жылы атап өттік. Ол кезде мен облыстық қаржы басқармасының басшысы қызметінде едім. Мереке қарсаңында басқарамыз жаңа ғимаратқа көшкен болатын. Аудандардан барлық сала ардагерлерін жинап, салтанатты іс-шара өткіздік. Сонда жаңа мереке жанымызға жылу, бойымызға күш-қуат берді. Рухымыз көтеріліп, облыстың еңсе тіктеуіне үлес қосамыз деген сенім оянды.

Уақыт келе, сол тарихи оқиғаның мәнісін енді шырдап ұға бастағандаймыз. Одан бері отыз жыл өтті. Отыз жылда орнықты елге айналдық. Қазақстанды әлем таныды. Кеңес одағы тараған кезде халқымыз 15 миллион еді. Алла қаласа, 20 миллионға жыл аяғына дейін жетеміз деп жазырмаз. Отыз жылда ұлтымыздың деңгейі де көтерілді. Кезінде өз еліндегі үлесі 29 пайызға дейін азайып кеткен, Тәуелсіздік алған тұста 40 пайыз болған қазақ ұлтының үлесі бүгінде 70 пайыздан асты. Іргелі ел болғанымызды көріп отырмыз.

Бүгінде Қазақстан әлемде жеке-дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, Мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды. Біз әлемдік деңгейде аяғымызды сенімді басып, басқа елдер бізбен санасатын мемлекетке айналдық.

Бұл ретте 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні қазіргі ұрпақтың азаттық жолында алысқан ата-бабаларымызды ұлықтайтын, олардың осы жолдағы ерен ерлігі алдында тағзым ететін, тарихи сабақтастықты сақтауға арналған күн болып қала бермек. Ал Республика күні – Тәуелсіздікті қалпына келтіріп, төл республикасын құрудағы қазіргі қазақстандықтардың зор еңбегін дәріптейтін, әрқайсысымыздың осы жолдағы сүбелі үлесімізді салмақтап, мақтан тұтатын күн. 1990 жылғы Егемендік декларациясы Қазақ республикасы азаттығының бастауы саналады. Сол жылғы 25 қазанда Қазақстан алғаш рет әлемге төл азаматтығын, заңдары, өз даму бағыты бар республика ретінде жарияланды.

Бұл ретте Республика күнінің ұлттық мереке ретінде қалпына келтірілуі – тарихи әділеттіліктің қалпына келтірілуі және де «Әділетті Қазақстан» құру жолындағы маңызды шешім, маңызды қадам деп білемін.

Рухани құндылығымызды, қазақы қайсар рухымызды, бай тарихымызды, бабадан қалған даланың мұрагері ретінде алты Алашты әлемге таныту арқылы осы тарихи датаның біз үшін қасиеттілігін аша білуіміз, көрсете алуымыз қажет. Сол себепті мемлекетіміз үшін бұл күннің қажеттілігі зор.

Қалқазбек ӘЖІБЕКОВ,
ҚР Еңбек сіңірген қайраткері,
Қызылорда облысының құрметті азаматы,
қаржы саласының үздігі



Сыр өңірі қазба байлыққа бай. Облыс аумағының геологиялық құрылымы әртүрлі бағалы кен орындарының болуымен ерекшеленеді. Өңірде түсті металдың, мұнай-газдың, ванадий, құрылыс материалдары мен рудасыз шикізаттың қоры жеткілікті. «Шалқия» кенішіндегі руда құрамында 14-тен астам сирек кездесетін металл бар. Шиеліде республикамыздың уран қорының 17%-ы шоғырланған. Бокситтер, титан-цирконий минералы, аз мөлшерде алтын кен орындары мен Арал өңірінің қазақстандық бөлігі және Қаратаудың тауалды жазығындағы руданың келешегі зор.

Сп Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»



ӨНЕРКӘСІБІ ӨРЛЕГЕН ӨНІР

Бастысы, өнеркәсіп өнімінің көлемі жылдан-жылға артып келеді. 1997 жылы өнім көлемі 13653,1 млн теңгені құраса, 2004 жылы 190397,8 млн теңгеге жеткен. Бүгінгі күні Қызылорда облысында 500-ден астам өнеркәсіптік кәсіпорын құрылған. 1991 жылдан 2023 жылға дейін өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,0 млрд теңгеден 1,0 трлн теңгеге дейін өскен. Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 1,6 млрд теңгеден 241,0 млрд теңгеге дейін артқан. Ал қазір аймақта отандық және шетелдік инвестиция тарту бағытындағы жұмыстарға басымдық берілуде. Жалпы Тәуелсіздік жылдары бұл сала бойынша өңір экономикасына 4,4 трлн теңгеден астам инвестиция тартылған.

Атап өтуге келетін, 2014 жылдан бері төмендеп келген өнеркәсіп саласының өнім көлемі биылғы жылдың 9 айында 100,7 пайызға артты.

Биыл құрылғанына 85 жыл толған облыс тарихында осындай байлықты игеруде, өнеркәсіпті дамытып, кәсіпкерлік пен туризмді жолға қоюда атқарылған ауқымды істер мол.

ЕЛДІН ШЫРАЙЫ – СЫРДЫҢ МҰНАЙЫ

Облыс жерінде мұнайдың «Құмкөл», «Арысқұм», «Майбұлақ», «Қызылорда», «Ақсай-Нұралы», «Ақшабұлақ», «Бектас», т.б. кен орындары ашылған. Қазір өңірде шетелдік инвесторларды тартып, көптеген мұнай-газ өндіру фирмалары жұмыс істеді. Олардың бір жағынан жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз етуде маңызды айрықшы. 2004 жылы мұнай саласында 2772 адам ғана жұмыс істеген.

Өнеркәсіптік өндірісте тау-кен өнеркәсібінің үлесі басым (70%), оның ішінде 82% шикі мұнай мен табиғи газды өндіруге тиесілі. Қазіргі уақытта облыста 12 мұнай-газ өндіруші компания тіркелсе, оның ішінде «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС және «ПетроҚазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-ның орны ерекше.

«ҚазГерМұнай» БК» ЖШС қызмет саласы – көмірсутек шикізатын барлау, әзірлеу, өндіру және өткізу. Компанияның қызметі 1984 жылы Оңтүстік Торғай ойпатының Арысқұм ойпатындағы «Құмкөлді» алғашқы ірі мұнай-газ кен орынын ашылуымен басталды. Бүгінде компанияда 700-ге жуық адам жұмыс істейді. Мекеме Қазақстанның экономикалық және саяси қалыптасуының қиын жылдарында даму кезеңдерінен өтіп, құрылғаны бері өңірдің дамуына жан-жақты демеушілік көмек көрсетіп келеді.

«ПетроҚазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ қызметі 1986 жылы Орталық Қазақстан өңіріндегі Оңтүстік Торғай бассейніндегі «Құмкөл» кен орынын игеруден басталды. Кәсіпорын мұнай және газды барлау, шығару және өндіру, сондай-ақ мұнай өнімдерін сату бойынша қызметті жүзеге асырып, 1400-ден астам адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отыр.

– Биыл облыс үшін айтулы жыл – туған өңіріміз құрылғанына 85 жылдық мерейтойын атап өтуде. Егер тарихқа теренірек үңілсек, мұнай-газ өндіру саласына – кен орындарын игеруде, мұнай мен газ өндіруге, мұнай мен мұнай өнімдерін кайта өңдеуге және сатуға қатысты көптеген қызықты оқиғалар туралы сөз қозғауға болады.

Оңтүстік Торғай мұнай-газ ініндегі пайдалануға берілген алғашқы мұнай кен орны «Құмкөл» болып табылады. «Құмкөлдегі» алғашқы терең ұңғыманы Оңтүстік Қазақстан мұнай барлау экспедициясы осыдан тура 40 жыл бұрын, 1983 жылы бұрғылаған еді. 1984 жылдың қысында «Құмкөлде» алғашқы мұнай фонтаны атқылды, ал 1986 жылдан бастап Оңтүстік Торғай бассейнінде мұнай кен орындарын өнеркәсіптік игеру басталып кетті. Облысымыз бұған дейін аграрлық өңір болып саналғандықтан, «Құмкөл» кен орынын іске қосылуы маңызды оқиға болғанын айрықша атап өткеніміз жөн. Осылайша, өңірімізде экономиканың қарқынды дамып келе жатқан жаңа саласы пайда болды. «ПҚКР» компаниясын сол кезде кен орынын игеруді бастаған қазақстандық мұнай өндіруші компаниялардың құқықтық мирасқоры десек, артық болмас.

Сонау 90-шы жылдардың басында еліміздің Тәуелсіздікке қол жеткізуі Сыр өлінің және бүкіл қазақ халқының басты жетістігі болғаны баршамаызға мәлім. Жаңа тарих кезеңінде біздің облыс бүкіл елмен бірге бір қазанда біте қайнасып, экономиканың өтпелі кезеңіндегі қиындықтар мен сынақтар төтеп берді. Үш онжылдықта аймақ ірі құрылыс алаңы бар индустриалды аймаққа түрленіп

шыға келді, бұл өңірдің дамуына жаңа серпін берді. Қызылорда жыл сайын ірі индустриалық және инновациялық жобалар іске асырылатын құрылыстары заманауи талапқа сай, инфрақұрылымы дамыған әсем қалаға айналды. «ПетроҚазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ да экономиканы дамытуға, оның бюджетін ұлғайтуға, әлеуметтік объектілерді салуға және инвестициялар тартуға өз үлесін қосып келеді. Бүгінгі таңда өңіріміз өсу мен өркендеу жолында тың екпінмен қарқынды серпіліс үстінде, бұл Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев атап өткендей, Арал өңірі халқының әлауатының артуына алып келеді.

Қазіргі уақытта компаниямыз 10 кен орнын игеруде. Жұмыс атқарған жылдар ішінде «ПетроҚазакстанИнк» компаниялар тобы 83 миллион тоннадан астам мұнай өндірі.

Бұдан бөлек, «ПҚКР» АҚ – облыстағы ірі демеушілердің бірі саналады. Компания әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға және қайырымдылық шараларына қомақты қаражат бөліп отырады. Мұның бәрі өңір халқының игілігі үшін жасалды. Осындай ізгі бастамалар жалғасын таба бермек.

Жерлестерді 85 жылдық мерейтоймен құттықтаймын, – деді «ПетроҚазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ вице-президенті Б.Көшербаев.

Өндірілетін өнімдердің көпшілігі ішкі нарыққа жеткізіледі, шикі мұнайдың экспорты бірнеше тәсіл орындары арқылы Қытай мен Өзбекстан бағыттарымен жүзеге асырылады. Компания әр жылдары түрлі марапатқа ие болып келеді. Оның бірі – 2023 жылы өткен «Digital Almaty: жаңа шындықтағы цифрлық әріптестік» V Халықаралық цифрлық форумы аясында ұсынылған «Үздік экологиялық жоба» номинациясы.

ҚҰРЫЛЫС ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ІГІЛІГІ

Өңірдегі құрылыс индустриясын дамыту үшін жеткілікті көлемде минералды-шикізат шоғырланған. Әк, түрлі фракциядағы қиыршық тас, саз және акаса, кварц құмдарын өндіруге арналған доломиттер, бентонит және каолин балшықтары аймақта жетерлік.

Бұл салада 70-ке жуық кәсіпорын жұмыс істейді. Өңірде табақша шыны, цемент, темір-бетон бұйымдары, әк, кірпіш, керамикалық және силикат кірпіш, керамзит блоктары, құрылыс қоспалары, желім, тротуарлық плитка, тауарлық бетон, екі қабатты терезелер, айна және т.б. өнім түрлері шығады.

Құрылыс материалдарын шығаратын алғашқы кәсіпорындардың бірі – «Құрылыс» АҚ. Ол 1956 жылы іске қосылған. Кәсіпорын бүгінгі күні 2000-ге жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. Кәсіпорын құрамалы темір-бетон және бетон конструкцияларын шығарады. Қуаттылығы – жылына 105 мың тонна.

Сонымен қатар, 2017 жылдан бастап «Комфорт-1 КЗ» серіктестігі заманауи және автоматтандырылған технологияларды қолдана отырып, уақыт пен климаттық тексеруден өткен ең сапалы екі қабатты терезелерді және әйнектерді өндіре бастады. Қазіргі таңда кәсіпорында 14 адам жұмыс істейді. Өнімдер Қазақстанның барлық өңірлеріне жеткізіледі. Компания екі қабатты терезелердің 7 түрін шығарады. Сондай-ақ, құрғақ құрылыс қоспалар, әк, пенопласт және полистирол бетон өндірісімен айналысатын кәсіпорындар бар. «ВЕГА-Пром» серіктестігінің құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру цехы 2015 жылы пайдалануға берілді. Мұнда құрғақ құрылыс қоспасының 11 түрі шығарылады. «Композиттік құбырлар зауыты» серіктестігі 2013 жылы құрылды. Бастапқыда компания Қытайдан, Еуропадан және алыс шетелдерден шыны-талшықты құбырлар мен бекіту арматураларын жеткізуден айналысты. 2017 жылдан бастап кәсіпорын шыны-талшықты құбырларын шығара бастады. Химия өнеркәсібі саласында 21 кәсіпорын жұмыс істейді. Бұл саладағы жалғыз ірі кәсіпорын – «СКЗ-У» ЖШС. Кәсіпорын 2013 жылы Индустриаландыру картасы аясында іске қосылған.

КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

Жаһан жұртымен терезесі тең қарым-қатынас орнатудың төте жолы – мығым экономикалық күш-қуат. Бәсекеге қабілетті



елдердің ең негізгі көрсеткіші дәл осы салаға тікелей қатысты екені жасырын емес. Егемендікке қол жеткізген жылдары Қазақстан үшін де шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бірден-бір басым бағытқа ие еді. Бүгінде түрлі жобалар іске асып, жеңілдік пен субсидия енішіленген кәсіп иелері салада белгілі түрлерге айналып үлгерді.

2010 жылдан бастап республика көлемінде кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мақсатында «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылды. 2010-2019 жылдар аралығында Бағдарлама аясында облысқа 8 006,0 млн теңге қаржы қарастырылып, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 1656 жобасы қаржыландырылған.

2014 жылы ауылдық елді мекендердің кәсіпкерлерін жеңілдетілген несиелену мақсатында ету мақсатында республика бойынша алғаш рет облыс әкімдігінің 100 пайыз қатысуымен «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» МҚҰ ЖШС-і құрылды. Орталыққа осы уақытқа дейін әртүрлі көздерден 9 млрд теңге қаржы тартылған.

2017 жылы облыс кәсіпкерлеріне бір теңге қаржы негізінде қызмет көрсететін толық форматтағы «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» құрылды. 2017-2019 жылдары Орталық арқылы облыс кәсіпкерлеріне «бір терезе» қағидаты негізінде 19055 қызмет көрсетті. Бір жылдан соң өңір кәсіпкерлеріне қолайлы жағдайлар жасау, әкімшілік кедергілерді қысқарту және кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын сүйемелдеуге аул мақсатында кәсіпкерлік саласында қызмет көрсететін ұйымдар бір бизнес-орталыққа шоғырландырылды. Бизнес-орталық «Кәсіпкерлер үйі» деп аталып, толықтай облыс әкімдігінің қамқорлығына алынды. 2018-2020 жылдары жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру, жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың санын қысқартуға ықпал жасау, өнімдізде шағын және орта бизнестің жалпы өнімдігі үлесін күрт өсіру үшін «Қызылорда облысында жаппай кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың үш жылдығы» болып жарияланды.

2022-2023 жылдары шағын және орта бизнестің 48,8 млрд теңгеге несиелендірілген 2265 жобасына Ұлттық жоба аясында субсидия берілген. Шағын бизнестің 43 кәсіпкерлік бастамасына 187,5 млн теңге көлемінде мемлекеттік гранттар табысталған. 2023 жылы Мемлекет басшысының Жолдауы аясында ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы қолға алынып, ауыл тұрғындары мен жастар кәсіпкерлігін жылдық 2,5 пайызбен несиелендіру тетігі іске қосылды.

Биыл ауылдық жерлердегі 130 кәсіпкерлік бастамаға 1 млрд теңге, ал жастардың 281 кәсіпкерлік бастамасына 1,2 млрд теңге шамасында микрокредиттер табысталды.

ТУРИЗМ – ТАБЫС ТІРЕГІ

Қазақ елінің кең жазира даласына көз салып, қызықпайтын ел жоқ. Бәріне қазактың жұқалаң шалғын шөптері, көкпенбек айнадай көлдері қызық. С.Мұратбековтің «Жусан иісі» повесін оқыған адам ешбір теңеу сөйкес келмейтін ғажайыпқа толы иісті іздейді. Міне, ұлтты

оның ішінде инвестиция тарту арқылы 11,1 млрд теңгеге жобалар қаржыландырылды. ӨКК қоғамның үлесі 6,1 млрд теңге. Іске асқан жобалардың негізінде бірлескен кәсіпорындар ашылып, 1585 жұмыс орны құрылған. Оның ішінде Қармақшы ауданында құс фабрикасы, Жаңақорған ауданында емлеу-сауықтыру санаторийі, Қызылорда қаласында ет өңдеу, құрама жем, күрші өңдеу өндірісі және т.б. өңдеу өнеркәсібі саласындағы жобалар өңіріміздің экономикасына өз септігін тигізіп, ел игілігіне қызмет жасауда.

СЫРТҚЫ БАЙЛАНЫСТАР НӘМ САУДА

Тәуелсіздік жылдары еліміз халықаралық аренада бейбітшілік, әділдік және ашықтық қағидаларын ұстанған өркениетті мемлекетке айналды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың басшылығымен Қазақстан көпвекторлы және белсенді сыртқы саясатты ілгерілетіп, халықаралық ынтымақтастық пен тұрақты даму жолында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Жаһандық және өңіраралық деңгейдегі сыртқы байланыстар өңірлерге инвестициялар мен озық технологияларды тартуға, мәдени-гуманитарлық алмасуларға және сауда-экономикалық кооперацияны арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашуда. Өз кезегінде бұл халқымыздың әлауатын арттыруға ықпал ететін сөзсіз.

Биыл шетелмен өзара байланыстарды арттыру мақсатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен әкім орынбасарлары бастаған облыстық делегациялардың Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы, Моңғолия, Корея Республикасы және Қытай Халық Республикасына арнайы жұмыс сапарлары ұйымдастырылды.

Кездесулер нәтижесінде сауда-саттық пен алыс-беріс нығая түсері анық. Ал сауда – экономиканың ежелгі дәурден келе жатқан ең ескі салаларының бірі. Заман ағымымен дами отырып, сауданың бүгінгі күні дәстүрлі түрі қалыптасты.

Ішкі сауда – ел экономикасының басты қозғаушы күші. Өңірде 2023 жылдың қаңтар-тамыз айларында жалпы сауда көрсеткіші 530,8 млрд теңгені құрады. Атап айтқанда, бөлшек сауда айналымы 330,6 млрд теңгені құрап, 104,0% болса, көтерме сауда айналымы 199,2 млрд теңгені немесе 104,3%-ды құрап отыр. Ал автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу 966,2 млн теңге немесе 2022 жылдың сәйкес кезеңіне 105,4%-ды құраған.

АЙМАҚ АЙБАТЫН АСЫРҒАН

Жылдар жылнамасынан бөлек, Сыр өңірінде жаңадан өндіріс орындары ашылып, зауыттар ел игілігіне қызмет ете бастады. Аймақтың айбатын асырып, экономикалық қуат сыйлақшылықтарының бірі – тиімді географиялық орналасуы. Облыс аумағы арқылы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің үштен бірі өтеді.

Қытайды Еуропаға байланыстыратын ең жылдам және тиімді жол 2015 жылы пайдалануға берілген еді. 2015 жылдан бастап жол бойында қызмет көрсететін кешендер іске қосыла бастады. Бүгінгі күнге ұлттық стандартқа сай келетін 46 нысан келушілерге қызмет көрсетіп отыр.

2014 жылы бүкіл әлемге әйгілі «Қорқыт ата» мемориалдық кешені Қазақстан Республикасының Тұңғыш президентінің тапсырмасымен қайта жаңғыртылды. Бір жылдан соң Сығанақ қалашығында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. 2018 жылы Сығанақ қалашығында толық абаттандыру шаралары жүргізіліп, «Сүганақ» стелласы орнатылды.

Арал теңізіндегі «Көкарал» бөгеті 2006 жылы САРАТС жобасы аясында пайдалануға берілген. Ұзындығы 13 шақырымдық тоспа салынғаннан кейін кіші теңіздегі су деңгейі көтеріліп, тұздылығы төмендеді. Теңіз кемерінен шегінген сәттен бастап азыған балық түрлері қайта көбейіп, байырғы жұрт атакәсіпке оралды.

Осы тұста Жаңақорған және Шиелі аудандары аумағындағы петроглиф жазбаларын көрушілер көп. Жазбалар Сауысқан қыстағында тасқа қашалып жазылған.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда облыс көлемінде туризмді дамыту мақсатында 5 шипажай халыққа медициналық қызмет көрсетуде. Жақында заманауи үлгідегі шипажай пайдалануға берілді.

Туризм саласында инвестиция көлемі де жыл сайын артып келеді. 2022 жылдың қорытындысымен инвестиция көлемі 26,8 млрд теңгені құраған. Қазіргі таңда облыстың транзиттік инфрақұрылымын дамыту мақсатында «Қорқыт ата» әуежайы терминалының құрылысы жүргізілуде және теміржол вокзалы қайта жаңғыртылды. Сонымен қатар, жаңадан салынып жатқан «Өнер орталығы» мен автовокзал құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Жазғы демалыс маусымында облыста 13 шағын және 2 ірі демалыс орны жұмыс істейді. 2022 жылы 37,7 мың демалушы келген. Оның ішінде 14,2 мың демалушы «Қамыстыбас» және «Ханқожа көлі» демалыс аймақтары қабылдаған.

«БАЙҚОҢЫР» КОРПОРАЦИЯСЫ

«Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ негізгі қызметтерінің бірі – мемлекеттік және жеке серіктестіктің негізінде Қызылорда аймағының өркендеуіне ықпал ету. ӨКК жергілікті даму институты және оның бірден-бір акционері Қызылорда облысы әкімдігі.

Қазіргі таңда ӨКК қызметі жеке кәсіпкерліктің дамуына барынша қолайлы жағдай тудыруға бағытталған, яғни қолда бар өндірістерді жаңарту және жаңаларын құру, инвестиция тарту мен үкіметтік бағдарламаларды жүзеге асыру бағытында қызмет атқарады.

2011 жылдан бастап ӨКК жалпы құны 17,2 млрд теңге құрайтын 79 жобаға қатысты,

Түйін. Өңірде шағын өнеркәсіп орындары, кәсіпкерлер көбейіп келеді. Облыс құрылған 85 жыл ішінде табыстың біздің бағындырып, кәсіптің көзін тақандар өтбек түбі берекенің аймабы. Қуантарлығы, қолдау мен қорғау Үкімет тарапынан тоқпақ қалмай, бизнестің жолы айқара ашылды. Бұл бағыттағы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының еңбегі еселене беретініне сенім мол.

МЕРЕЙ

Менің жүректің қуанышын маздатқан

Қызылорда қаласының Әйтеке би көшесі бойындағы бес қабатты үйдің қасбетіне көмкерілген алып қос жүзік бейнесін көргенде ақ некесін қиып, отау құрған жас жұбайлар көзге елестейді. Осы «Неке сарайымен», яғни, қалалық АХАЖ бөлімімен қала тұрғындарының өмірі тікелей байланысты. Адам дүниеге шыры етіп келген күннен бастап, өмірінің ақырына дейін осы мекеменің есігін ашып, туу туралы, неке кию куәліктерін алады, әкелікті анықтау, бала асырап алу, сол сияқты өмірде кездесетін барлық жағдайларды рәсімдеп, заңдастырады.



«Неке сарайы» дегенде Қызылорда тұрғындарының есіне салтанатты некеге тіркеп, жастарға жүрежарды тілегін айтып тұрған Райхан апай түседі.

1981 жылдың наурыз айында қалалық комсомол комитетінде хатшы болып жұмыс атқарып жүрген Райхан Садықоваға қалалық атқару комитетінен ұсыныс түсті. Қалалық АХАЖ бөліміне отбасылы, орнықты, іс білетін меңгеруші керек, соған сені лайық көріп отырмыз деген.

Ол Қармақшы ауданы Қармақшы ауылында қазақ орта мектебін бітірген. Қызылорда педагогикалық институтына сырттай оқуға түсіп, осы қаладағы Осипенко атындағы №8 мектепте аға вожатый боп қызмет атқарған. Пионер ұйымдарына басшылық жасайтын қалалық комсомол комитеті жас Райханның қабілетін байқап, оны М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеге комсомол комитетінің хатшысы етіп, бюро отырысында бекітіп, жұмыс жасауға жіберді.

1975 жылы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 30 жылдығына орай училище алаңында Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың кеуде мүсінін орнату туралы ұсыныс болып, комсомол комитеті арнайы шешім шығарды. Сол кездегі «Қызылордастрой» тресі партия комитетінің хатшысымен келісім жасалды. Титов поселкесінде, қаланың ортасындағы Әйтеке би көшесінің бойында жаңадан салынып жатқан көпқабатты үйлерде училище оқушылары жұмыс жасады. Содан түскен қаржыға трест мамандары училищесінің ауласына М.Мәметованың бюсті орнатылады деген жазуы бар бетоннан құйылған тұғыр орнатты. 1975 жылдың 9 мамыры училище комсомол-молдары үшін естен кетпес уақыт болды. 1974-1976 жылдары училищеде оқып, осы жұмысқа тікелей қатысқан қыздар қазір білікті ұстаз, ардақты ана, аяулы әже болып отырған шығар.

Еңбек жолы осылай жалғасқан Райхан Тұрсынбайқызы 1976 жылдың күзінде қалалық комсомол комитетіне хатшы болып сайланды. Қызылорда қаласының жоғары, орта оқу орындары, мектептердегі комсомол, пионер ұйымдарына басшылық жасауға міндетті болды. Міне, осы кезде қала жастарының тыныс-тіршілігіне араласып, ол жастарды еңбеккерлікке, білім алуға, үлкенге қамқорлық, кішіге ізет көрсетуге, өнерге, спортқа деген құштарлығын арттырауға арналған көптеген іс-шаралардың басы-қасында жүрді. Әсіресе жастарға отансүйіштігі, патриоттық тәрбие беруге көп ден қойылды. Сол кездері Қазақстан қалалары қарқындап өсіп, қол күшінің жетіспеушілігі туды. Мектеп оқушылары арасында «Аттестатпен құрылысқа» деген бастама көтеріліп, Қызылорда қаласындағы бірнеше мектеп бітірушілері бригада құрып, 8 топ жинақталды. Мамыр айында жас құрылысшылардың слеті өтіп, оған мектеп бітірушілер қатысты, ауқымды жұмыс жасалды. Маусым айында қаланың орталық алаңында жас түлек құрылысшыларға жолдама беріліп, істеріне сәттілік тілеген қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Абылай Айдосовтың, қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Бақыт Ермақашевтың үлкен қолдауы болды.

Осылай қала жастарының ортасында жүріп, Райхан апай 1977 жылдың күзінде Бекішев Жақсылықпен бас қосып, отау құрады. Отбасын құру, оны берік сақтау, ұрпақ өсіріп, тәрбиелеудің өте күрделі құбылыс екені белгілі. Өз өмірлерін жастар тіршілігімен байланыстыра отырып, Жеке мен Рекең ынтымақты өмірдің арқасында дүниеге перзент әкеліп, ата-аналық міндетін де орындады. Қыздары Алтай мен Линара – заңгер, Ботагөз шет тілдер мамандығын алып, қызмет жасауда. Ұлы Мақсат та ата-ана жолын қуып, заңгер

мамандығын меңгерген. Бұл күндері бәрі де отбасылы, ата-әжесінің немерелері өсіп келеді.

Тынымсыз комсомол жұмысы ағып жатқан өзен сияқты, бір күнінен бір күні қызық, бір күнінен бір күні күрделі. Осы жұмыста апайдың іскерлік қабілеті, адамдармен қарым-қатынас жасауы, т.б. көптеген адами қасиеттері көрініп, қала басшыларынан АХАЖ бөлімін басқаруға ұсыныс түседі.

Апай өзінің өмір жолы туралы айтқанда бойына білім сіңіріп, жастайынан еңбекке араласып, адами қалпының шыңдалуына әсер еткен, ақыл-тәлімін берген ұстаздарын жиі еске түсіреді. Сондай кісілердің қатарында Римма Абдуллина, Әнес Жақыпов, Тынышбек Шадаев, №8 мектеп директоры, ҰОС ардагері Әлі Рысдулатов, педучилище директоры Ұл-мекен Рысбекова, қалалық комсомол комитетінің хатшылары Исатай Елубаев, Бақыт Ермақашев есімдері ол үшін қымбат та қадірлі.

Райхан апай 40 жыл темиржол саласында қызмет жасаған еңбек ардагері Тұрсынбай Саддықов пен көпбалалы Кенжегүл апаның отбасында дүниеге келген. Тоғыз бала өсіріп, тәрбиелеген бұл отбасында еңбеккерлік, сыйластық, татулық берік орын алды. Отағасы өте жауапты қызметте жүріп, бала тәрбиесімен Кенжегүл ата айналысты. «Анамыз өте қатал, бірақ әділ еді, бәріміз жұмыс оқыдық, қоғамдық жұмыстарға араластық, үйдің тіршілігіне де толқайтай жауапты болдық» деп еске алады Райхан апай.

Бір кездерде «Ақмешіт ақшамы» газетінде «Үйленгенге қуанып, ажырағанға ренжітін мекеме бар» деген мақала жарық көрді. Сол тілші Г.Ділдібекова жазғандай, АХАЖ бөлімі – қуанғанмен қуанып, жылағанмен мұнайып отыратын мекеме. Алғашқы жылдары жұмыстың қызығынан гөрі қиындығы көп болды. 1981 жылы жұмыс бастағанда бөлім қызметкерлері Есен-құл Ерболатова мен Наталья Асауленко педагогикалық институтта сырттай оқиды екен, жазда қырық күн оқуда болып, барлық жұмыс бір өзіне қалатын уақыттары болыпты.

1982 жылы Қызылжарма ауылдық кеңесінің қалаға қосылуына байланысты халық «Шанхай» деп атап кеткен елді мекенде құжатсыз жүрген жүздеген баланы құжаттандыруға тура келген. АХАЖ бөлімінде қызмет істеп жүріп, қаланың қоғамдық өміріне белсене араласқан алай 1996-1998 жылдары Қызылорда қалалық әйелдер кеңесінің төрағайы болып сайланды. 1998 жылы желтоқсан айында Астанада өткен әйелдердің республикалық форумына делегат болып қатысты.

Қызмет бабында тек хал-ахуалды тіркеу емес, отбасын құруға келген жастармен жұмыс жасап, оларды жұбайлық өмірге дайындау мақсатында педагогтар, психологтар, дәрігерлерден құралған курстар құру, отбасының беріктігін сақтауға ықпалын тигізетін іс-шараларды ұйымдастыру да назардан тыс қалмады. Ұзақ жылдар тату-тәтті өмір сүріп, ұрпақ тәрбиелеп отырған отбасылармен жас жұбайлардың кездесуін өткізіу, күміс той, алтын той иелерін марапаттап, оларды баспасөз беттерінде жариялау, басқа да іс-шаралардан қол босайтын.

2003 жылы 30 маусымда «Неке сарайының», яғни, АХАЖ ғимаратының ашылғанына 30 жыл толды. Осыған байланысты сол кездегі облыстық әділет басқармасының басшысы Айтбай Әлібаевтың тікелей қолдауымен өткізілген кездесу қатысқан кісілердің жүрегіне із қалдырды. Кездесуге 1973 жылы 30 маусымда некесін тіркеген ерлі-зайыптылар, сол күні туған балалар, сол күні отбасын құрғандарына 10, 20 жыл толған жұбайлар шақырылды. Қала әкімдігінен, қалаға қарасты ауыл округтерінен, облыстық әділет басқар-

масынан өкілдер қатысып, жүрежарды құттықтаулар айтылды. Қалалық мәдениет бөлімімен бірлесіп өткізген бұл кездесудің мәні мен сәні өте әсерлі болды.

Зейнетке шыққаннан кейін Халыққа қызмет көрсету орталығында тәлімгер болып, орталық жастарының мемлекеттік қызмет көрсету саласында сапалы жұмыс атқаруына ықпал жасады. Облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» ардагер комсомолдар қоғамына мүше болып, жас буынға тәрбие беру жұмысына атсалысты. Қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі ретінде мектеп оқушыларымен кездесулер өткізіп, тәлім-тәрбие берумен айналысты.

Осылай өзінің болмысына, жүрегіне, ұстанымына жақын жұмыспен айналысып жүргенде Райхан апай уақыттың қалай тез өтіп жатқанын байқамаған сияқты. Қанша жыл жұмыс істесе де ізденуден, оқудан, білмегенін сұраудан жалықпады. Үйіне жақын жерде орналасқан Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап кітапханасына жазылып, әдеби-көркем кітаптарды алып оқып жүрді. «1982 жылы Алматы қаласына білім жетілдіру курсына барғанда 3 дәптер лекция жазып келгенмін, сол дәптерлер маған көпке дейін көмектесті» деп еске түсіреді апай.

30 жылдан астам қызмет бабында Райхан Тұрсынбайқызы 54 мыңға жуық жас жұбайлардың бас қосуына және 130 мың жас сәбеге рухани ана болып, туу туралы куәліктерін берген. Осындай еңбек те елеусіз қалмады. 1991 жылы Қызылорда облыстық кеңесінің шешімімен «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Басқа да мерекелік медальдар, алғыс хаттарға ие болды. Қызметтік міндеттерін үлгілі атқарғаны үшін «Әділет орғандары жүйесін дамытуда қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды. 2006 жылы «Қазақ әйелдерінің энциклопедиясына» енді. 2011 жылы наурыз айында Қазақстан әйелдерінің II съезіне делегат болып қатысты.

Үйленуге келген жас жұбайларға мейірімін төгіп, шауақты жүзінен нұр шашып тұрған Райхан апай Қызылорда қаласы жастарының естерінде болар. Алғашқы 1981 жылдары некесін тіркеген жас жұбайлар 20-25 жылдан кейін ұлдарын үйлендіріп, қыздарын ұзатып, Райхан апайға енді балаларымыздың некесін тіркеп беріңіз деген өтінішпен келіп жүрді, не деген әсерлі қуаныш десеңізші?!

Есте қалған бір жағдай, 1994 жылы Халықаралық отбасы күнінің қарсаңында Белкөл кентінде тұратын бір отбасының үш баласы бір күнде үйленіп, некелері тіркелген еді. Райхан апай осы әулеттің азаматтары өсіп-өніп, өздері де ата-ана болып отырғанын мақтанышымен еске алады.

Осылай қызығы мен қиындығы қатар жүрген өмір өзен сияқты ағып, отағасы Жақсылық аға екеуі үлкендік жасқа еніп, қазыналы шақтарына жетті. Райхан апай көп жылғы еңбектің зейнетін көріп, ұл-қыздары мен немерелерінің ортасында отыр. Жақсылық ағай ұзақ жылдар бойы құқық қорғау саласында жұмыс жасады, полковник шенінде құрметті демалысқа шықты.

Ынтымағы жарасқан отбасы иелеріне алдағы уақытта жақсы денсаулықта болып, ұл-қыздарының рахатын көріп, қызығы мен қуанышына бөлене беріңіздер демекпін.

Сәрсен ИБРАШЕВА,
ҚР Мәдениет қайраткері

Сарыала күз мезгілі болғандықтан, ауа райы аяқасты мың құбылып сала береді. Жаңа ғана ашық аспан лезде сұр бұлттанып жауын құйып өтіп, өңменнен өтетін ызғарлы жел соғып, қыстан хабар беріп қояды. Артында күннің қабағы жазылып, жалқын тартқан далаға шауақ нұрын шаша түскендей. Осындай шауақты күннің нұрына, айналаға қарап, кеше ғана жаз еді, енді күздің де екінші айынан ауып барамыз деп іштей ойлап қоямын.

Еңбектің ТАРЛАНБОЗЫ

Кең көшеде әртүрлі ой кешіп келе жатып еңбектің тарланбозы атанған замандасым Олжабайдың 75 жасқа келгені ойға түсті. Дерреу қалта телефонды қолға алып құттықтадым. Мен білетін Олжабай Жүсіпұлы – Сырдария ауданы тарқамай тұрғанда, сол ауданның коммуналдық шаруашылық бөлімін ұзақ жыл басқарған азамат. Мінезі жібектей, ісі мығым, сөзі нық. Оны ұзақ жылдан бері қызмет барысында өте жақсы білемін. Болмысы бөлек, мінезге бай. Қазақилығы өн бойынан есіліп-ақ тұр. Әсіресе, үлкен-кішіге қарамай адамдармен тез тіл табысып кететіні қатты ұнайды.

Ал іске келгенде шаруашыды білмейтін, жұмысқа деген жауапкершілікті бәрінен де жоғары қоятын, талапшыл, адал екенін тасбөгеттіктер жақсы біледі. Кезінде Сырдария ауданында коммуналдық шаруашылықты басқарып тұрғанда қызу жұмыстың қасынан, істің басынан табылатын.

Коммуналдық шаруашылық – адамға абырой әпермейтін ең ауыр сала. Әсіресе, қыстың күні көше бойын жағалаумен өмірің өтеді. Жылу мен ауызсу жүйесінің проблемасы ешқашан таусылған емес.

Бұл сала жұмысының ауыр екендігіне Жалағаш ауданын басқарып тұрғанда көзім жетті. Жайбасарлықты, енжарлықты, жауапсыздықты қаламайды. Тасбөгет аудан орталығы болып тұрғанда 50-ден аса көше бар деп еститімін. Оның жарығы, ауызсуы, жылуы, жауу жүргіншілер жұмын және көпқабатты үйлерде тұтыңған лас су қызметі жүйесінің тұрақты жұмыс жасауы осы коммуналдық саланың құзырына жүктелген. Оған қалды кент халқын қыс айында көмірмен қамтамасыз ету тағы бар. Бітпес тірлік, қарбалас жұмыс жыл бойы осылай жалғасып кете береді.

Олжабай Жүсіпұлы Сырдария аудандық коммуналдық шаруашылық бөлімін басқарып тұрғанда уақытпен санаспайтын, өзі секілді тынбайтын, ерінуді білмейтін әмбебап жігіттерді жанына топтастырды. Кадрдың бәрі де тасбөгеттіктер, көз алдында өскен, қолынан іс келетін

азаматтар еді. Мәселен, шаруашылықтың бас инженері Болат Төлегенов, ұчаске бастығы Жұмасерік Көшекбаев, ұчаске шебері Асылбек Жортбасов, шебер жұмысшылар Рахым Байзақов, Нұрсұлтан Әлжанов секілді азаматтардың бәрі де бесасап, әмбебап мамандар болатын. Әсіресе, уақыт күттірмейтін қыс мезгілінде арнайы дәнекерлеуші күтпей-ақ аяқасты тесіліп, айналаға қатер төндіріп, ыстық су атқылап жатқан трубану дәнекерлеуге кірісіп кете беретін қолы алтын жігіттерді айналасына жинады. Сүйретпелі аппаратты машина артына іліп алып, жарылған трубаларды дер кезінде жөндеп, уақытпен санаспай келесі көшедегі ақауға жетіп үлгіретін. Бұл жігіттер жұмысшыларды күтіп тұрмай-ақ, кез келген жұмысты атқарып жүре беретін. Мұның сыры, білікті басшы Олжабай Тобағабайұлының істі ұтымды ұйымдастыра алуымен қатар, нағыз мамандарды таңдай білуінде еді. Олжәнеңнің өзі электр желісін жүргізіп, дәнекерлеп кете беретін. Қазір ондай басшылар жоқтың қасы. Жұмысшылар келем дегенше, басыдан бастап шеберге дейін бір-біріне анттарыла қарап тұра беретіні анық. Өйткені қоғамға, іске деген жанашыр адамдардың саны азайып барады.

Қазір сен салар да, мен салар, атқа жемді кім салар дейтіндер қатары көбейді. Жұмыс түгілі, қолындағы босаған құтыны көлік ішінен көшеге қарай лақтыра салатын санасы мүгедек жандар қатары артып бара жатқандай. Бұл – бүгінгі күні біз көріп жүрген өмір шындығы. Менің айтайын дегенім, басыдан бастап жай адамға дейін айналаға, әрбір іске Олжәнеңдей жан тазалығымен қараса қоғам да, ел де жасанып, жинай түсер еді деп ойлаймын. Бұны әсіресе, жастар түсінесе екен деймін.

Темір-бетон өндіріс саласының еңбек ардагері, 88 жастағы Зибаш Салауова: «Олжабайдай іскер, еңбекқор, адал басшыны көрмедім. Кезінде Тасбөгеттегі темір-бетон зауытында партия ұйымын 17 жыл басқарды. Сонда



ол алдымен еңбек адамдарының еленуіне, құрметтелуіне күш салды. Сол жерде жүріп талай мәрте бесжылдық жоспарды орындауда «Социалистік жарыстың жеңімпазы» медалінің иегері атандым. Бұл медалды бір мен емес, басқа да азаматтар да алды. Соның барлығы Олжабайдың әділдігінің, қарапайым еңбек адамын бағалауының арқасы дер едім. Өте әділ басшы болды. Өзімізбен бірге жұмыс жасап кете беретін. Крандарға тоқ бармай қалса, арнайы электрлік шақыртпай-ақ өзі істеп тастайтын. Оның орынды басқа біреу болса шірнеп, «тоқ жоқ» деп сол жерді шулар еді. Қолынан келген іске тартыпбайтын. Қашан көрсең де хал-жағдайыңды сұрап жүреді. Адамгершілігі жоғары, істің көзін танытын, барынша қарапайым азамат. Басқаны қайдам, осы Тасбөгеттің өркендеп-өсуіне оның қосқан үлесі өте зор деп айта аламын. Биыл Тасбөгет кентіне 75 жыл толмақ. Олжабай да 75 жасқа келді. Ол осы кентте туып-өсті, бірікпейтін маңдай тері сіңді. Тасбөгеттің төл құрдасы. Кент әкімінің орынбасары болып жүргенде қаншама тірлік атқарғанын ел біледі» деген еді.

Біз білетін Олжабай Тобағабайұлы құрылыс кешені және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының «Елеулі еңбегі үшін» тесбелгісінің иегері. Үш мәрте «Социалистік жарыстың жеңімпазы» медалімен марапатталып, еңбектің тарланбозы атанған. Кезінде Сырдария аудандық атқару кеңесінің депутаты, бірнеше мәрте Тасбөгет поселкелік атқару кеңесінің депутаты болып сайланды, халықтың қалаулысына, елдің елеулісіне айналған. Ол бүгінде Тасбөгет кенті ардагерлер ұйымының төраға орынбасары ретінде қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып келеді. Оның жастарға берер тәлім-тәрбиесі өте мол.

Өмірбек ШӘМЕНОВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары

Жат жерден топырақ бұйырған жауынгерлер

«Атамның аманаты» ҚБ Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Еуропа аумағында қаза тапқан қазақстандықтардың аты-жөнін, жерленген жерін анықтау жөнінде бірқатар жұмыстар атқаруға.

Жақында 1944-1945 жылдары Сербия жерінде опат болған отандастарымыздың есімдері белгілі болды. Ұзын-саны – Қазақстанның әр түркілерін шақырылған 198 жауынгер. Олардың барлығы – не-

гізінен соғыстың соңғы жылдары ұрыс даласында немесе жарақаттан госпитальдарда көз жұмғандар.

– Бұған дейін Норвегия, Нидерланды, Венгрия және басқа да елдерден топырақ бұйырған қазақстандықтардың аты-жөндерін анықтаған едік. Қазір олардың Қазақстанда қалған ұрпақтары мен туған-туыстарын іздетіруді бастап кеттік. Бұдан бөлек кезінде кескілескен ұрыстар жүрген майдан даласындағы қаза жұмыстары барысында табылған 16

майдангердің сүйегін елге жеткізіп, әскери құрметпен жер қойнына тапсырдық. Қазір Ресейден тағы да 12 отандасымыздың сүйегін туған топыраққа жеткізіп, жерлеудің қамында жүрміз. Біздің қоғамдық ұйымның миссиясын «Өлі разы болмай тірі байымайды» деген бір ауыз сөзге сыйғызуға болады, – дейді «Атамның аманаты» ҚБ басқарма төрағасы Мұрат Молдағалиев.

№	ФИО	Дата рождения	Место рождения пропавшего	Регион рождения (выбор значения из справочника регионов!)	Дата выбытия
1	Бикбасимов Комоз	1908	Казахская ССР, Кызыл-Ординская область, Аральский район, с.Комбаш	КЗО	29.09.1944
2	Жармедетов Ануар	1920	Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл., Казалинский район	КЗО	02.10.1944
3	Бикбаминов Колмязь	1908	Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл., Аральский район, с. Комбаш	КЗО	28.09.1944
4	Кушкумбаев Бийман (Баим)	1906	Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл., Казалинский район, ст.Казалинская, ул. Энгельса, 98	КЗО	29 (30).09.1944
5	Гульманов Рашид Злангирович	1922	Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл., Казалинский р-н, г. Казалинск	КЗО	17.10.1944
6	Кучеров Федор Матвеевич	1900	Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл., Яны-Курганский район, с. Чилин	КЗО	16.10.1944
7	Манарбаев Жақсыбек	1920	Казахская ССР, Сырдарыинская обл., Кызыл-Ординский район, г. Кызыл-Орда, ул.Некрасова 38	КЗО	умер от ран 06.12.1944
8	Мететбаев Машрап	1923	Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл., Терень-Узякский район	КЗО	15.10.1944
9	Алдамжаров Ускумбай	1914	Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл. ст. Каземирская, ул. Ванита 37	КЗО	15.11.1944
10	Саранга (Саранча) Владимир Федорович	1920	Казахская ССР, г.Кзыл-Орда, ст. Пролетарская 36	КЗО	10.04.1945
11	Коянаков (Коснаков) Кемал	1923	Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл., Казалинский район, Ленинский с/са, № 17, к/з Муратова	КЗО	умер от ран 13.04.1945

Байланыс үшін: +7 702 777 1449 Ә.Смайлов
«Атамның аманаты» ҚБ баспасөз қызметі



Жаңақорған ауданының 95 жылдығы мен «Жаңақорған тынысы» газетінің 90 жылдығына орай «Баспасөз – ұлт болмысының айнасы» атты республикалық конференция өтті. Оны аудандық мәслихат төрағасы Ғалымжан Солбеков жүргізді. Іс-шараға сала басшылары, зиялықауым өкілдері қатысты.

Тоқсанның биігіне көтерілген төл басылым



Конференцияда алдымен «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Сақыпұлы «Жаңақорған тынысы»: кеше, бүгін және ертең» деген тақырыпта баяндама жасады.

Аудандық газет қоғамдық-саяси ақпараттық құрал ретінде өзі ғұмыр кешіп келе жатқан 90 жылдан бергі аралықта абыройлы болды. Оған дәлел-дәйектер жеткілікті. Соның бір ғана мысалы, 1975 жылы республика бойынша аудандық және қалалық газеттер арасында жыл сайын өтетін конкурста Жаңақорған аудандық «Коммунизм жолы» газеті жүлделі екінші орынды жеңіп алып, Қазақстан Журналистер одағының сыйлығы табыс етілген. Бұл ретте «Коммунизм жолы» газеті журналистері өз басылымдарында аудандық еңбеккерлерінің қой шаруашылығын өркендетудегі еңбегін жан-жақты ашып көрсеткен. Еңбекші әйелдер мен жастардың ерлігін тартымды баяндайған.

1991 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Жаңақорған тынысы» деген атаумен шығатын газет мазмұнында ел егемендігіне ие болған кезеңнен бастап кеңінен өріс алған өзгерістер де назардан тыс қалмады. 2014 жылы «Сыр медиа» ЖШС құрамына кіріп, газеттің екінші тынысы ашылды. Облыстық, республикалық газеттерде шыңдалған Қаныбек Әбдуов басылымның көркемдік-

дизайнерлік келбетін жаңа биікке көтеріп, мазмұндық деңгейін арттыра түсті. Содан болар, Сыр өңіріндегі аудандық газеттердің арасында «Үздік газет» аталымы бойынша марапатталды, – деді ол.

Одан соң жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жолтай Әлмашұлы «Басылымда Алаш қайраткерлерінің насихатталуы», Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, баспа ісінің магистрі Аяғөз Әбдіразақова «Жаңақорған тынысы» газетіндегі әлеуметтік мәселенің көріну деңгейі» және Л.Гумилев атындағы ұлттық университетінің аға оқытушысы Гүлжазира Ертасова «Аудандық газеттегі тұлғатану материалдардың танымдық маңызы» тақырыбында баяндама жасады.

Конференция барысында «Сыр медиа» ЖШС бас директоры А.Оңғарбаев аудандық газет ұжымына «Алғыс хат» табыс етіп, компьютер және цифрлық фотоаппаратты сыйға тартты.

Сондай-ақ, мәдениет саласының ардагері Байден Исаев өз атынан газеттің бұрынғы редакторы Алмас Бекжігітов пен ардагер-журналист Ерубай Қалдыбекке, басылымның бүгінгі қызметкерлеріне алғыс айтып, сый-сияпатын берді.

«СБ» ақпарат

ҚАРМАҚШЫ ТӨРІНДЕГІ ҚАЗЫНАЛЫ ТОЙ

Қармақшы – қазақ руханиятының ақбоз үйі. Небір санлақтарды тудырып, бесігіне бөлеп тербетіп, қыранша қияға ұшырған алтын ұя, қасиетті қоныс. Қармақшы ауданының 95 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар кең көлемде аталып өтті.

Мереке «Құт қонған қасиетті Қармақшы» атты республикалық ақындар айтысымен басталды.

Ш.Төлепова атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен сөз сайысына еліміздің түкпір-түкпірінен о ақын келді. Айтыс аламына ақын, Ахмет Нешати атындағы халықаралық әдеби сыйлығының иегері Шаһизада Әбдікерімов, Қармақшы ауданының Құрметті азаматы, айтыскер ақын Серік Ыдырысов, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы Жамбыл аймақтық филиалының төрағасы, ақын Ахметжан Өзбекөв төрелік етті.

Жыр бәйгесін аудан әкімі Жандос Еркінбек ақжарма тілегімен ашып берді.

Киелі мекен Қармақшы ауданының құрылғанына 95 жыл толып отыр. Бұл Жетісар мәдениеті мен қасиетті Қорқыт атадан бастау алып, Марал ишан, Ер Сейітмембет, Балқы Базар, Ешнияз сал, Тұрмағамбет сияқты санлақтарды тудырып топырақ Әйгілі Қарақұм мен Қызылқұмды ғарышпен астастырған атырап. Бүгінде береке мен бірлікке, еселі еңбек пен елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, 95 жылдың бедерінде ауданымыз биік тұғырдан көрінді. Мерейтойдың басты мақсаты – жетістіктерімізді саралап, алдағы мақсаттарымызды бағамдау, – деді аудан әкімі.

Жыр жәрмеңкесін Арқалықтан келген айтыс ақтангері Айбек Қалиев пен Сырдың даусыз дарыны Нұрмат Мансұр бастап берді.

Кәзіргі қазақ айтысының су төгілмес жүйректен орамды ой, сүбелі сөздерімен көрермен қошеметіне бөленді.

Айта алсақ өлең жырдан дәм қашыраймыз.

Осы аумақ ерліктің арнасындай.

Ішіне қазынаны тиіп сықап, Тарихтың тастап кеткен арнасындай, – деп өлең өркен сырбойлық ақынның бәсі бір саты биік тұрды.

Келесі болып сахна төріне көтерілген Шымкенттің шайыры Біржан Байтуов пен қармақшылық Тұрар Бекмырзаев ә дегеннен сөз таластырып, ой жарыстырып бақты.



Қасиетті мекен - Қармақшы

аймақтық жыршы-жыраулар фестивалі

Біржан Байтуов: «Тұрмағамбет ақынға бұл Тұрардың, Түр деген жеріне ғана ұқсайды екен» деп қағытпа әзілмен тобықтан қағып өтті. Оған мүдиретін Тұрар ма. «Сенің де Біржан салға карап тұрсам, Бір деген жерің ғана ұқсайды екен» деп жауап берді. Тиісіне соған сай қазылар да жоғары ұяй берді.

Аралдың ақ сүңгісі атанған Ерженіс Әбді мен алматылық Айым Асылбекқызы ағалы-қарындас арасындағы көркем айтыс жасады. Ақтөбелік Марат Ахметов пен шиелілік Ержан Әміров Қармақшының өткені мен бүгінін жалынды жырларына арқау етті. Сөз сайысының соңғы жұбы болып шыққан оралдық Мұрадым Мирланов пен қармақшылық Сырым Әділбеков түре айтыстың хас үлгісін көрсетті.

Сырымның «Әулидей кеп отқан Мұрадымды, Қорқытқа шырақшы қылып аң қалайық» деген қалжың қағытпасына «Депутат болуға сен қорықпайсың да, шырақшы болуға қорқасың ба» деп ұтымды әзілмен ұтыр жауап берді.

Төрт сағатқа созылған аламан айтыс қорығындысымен жүлделі ІІІ орын Алматы облысынан келген Айым Асылбекқызы мен жерлесіміз Сырым Әділбековке бұйырса, ІІ орынмен шымкенттік Біржан Байтуов марапатталды. Ал жүлделі І орынды Арқалықтан келген Айбек Қалиев жеңіп алса, бас жүлдені қызылордалық Нұрмат Мансұр қанжығасына байлады. Жеңімпаздар мен барлық қатысушыларға қаржылай сыйлық табысталды.

Дәл осындай дүбірлі дода Жаңақорған ауданының 95 жылдығы мен М.Көкеновтің 95 жылдық мерейтойына арналып өтті. «Мен елдікті жырлаймын» атты халықаралық ақындар айтысында Айбек Қалиев, Жансаия Мусина, Нұрмат Мансұр, Есенбек Кізібаев, Мөлдір Айтбай, Бексұттан Орынбасаров, Тұрар Тілеулиев, Талғат Орынбеков сынды ақындар бақ сынасты.

Айтыс қорытындысымен түркістандық Тұрар Тілеулиев бас жүлдені жеңіп алса, бірінші орын қостанайлық Айбек Қалиевке бұйырды. Қалған қатысушыларға да сыйсынап табысталды.

Қармақшы төріндегі той мезіреті К.Рүстембеков атындағы жыраулар үйінде жалғасын тапты. «Қасиетті мекен – Қармақшы» атты аймақтық жыршы-жыраулар фестиваліне Бидас Рүстембеков, Алмас Алматы, Ұлжан Байбосынова, Амандық Бүрлібаев, Ақерке Өтепбергенова, Майра Сәрсенбаева, Серік Жақсығұлов, Айгерім Ешбаева, Әділхан Қуанбаев қатысып, ел ықыласына бөленді.

Дүбірлі думан жеңіл атлеттер марафонна ұласты. Одан соң орталық алаңда елге еңбегі сіңген бірқатар азаматқа «Қармақшы ауданының Құрметті азаматы» атағы табысталды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласында сала үздіктері марапатталды. Мерейтой аудан орталығындағы гала концертпен қорытындыланды.

Осылайша тағлымға толы той тартуы өнер өлкесін керемет күйге бөледі.

«СБ» ақпарат

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сырдария-1» КС» ЖШС 2023 жылдың 02 қараша күні сағат 11:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекен-жайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның 23.11.2019 жылғы хаттамасымен бекітілген Басқарма төрағасының лауазымын қосымша мақұлдап және қайта сайлау туралы.

2. «АНК» АҚ серіктестіктің 2018-2023 жылдың 1 қыркүйек айына дейінгі қаржы есебіне аудитордың тексеру қорытынды есебін талқылау, бекіту туралы.

3. Серіктестіктің қатысушыларының үлестерін азайту/көбейту, жаңадан қабылдау/шығару, несие лимитін бөлу, Жарғылық капиталын бекіту және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, уәкілетті органға тіркеу туралы.

4. Серіктестіктің 11.07.2023, 27.07.2023, 28.08.2023, 25.09.2023 жылдары өткізілген Басқарма жиналысы қорытындысымен жаңадан қатысушыларды қабылдау тура-

лы, өзгерістерін жалпы жиналыста қайта бекіту туралы.

5. «АНК» АҚ арқылы несие рәсімдеу шарты мен ережелерін, серіктестіктің өз қаражаты есебінен берілетін несие шарты мен ішкі нормативтік құжаттар, ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларын бекіту туралы.

6. 2021-2023 ж. аралығында берілген қайырымдылық қаражаты туралы мәселені қайта бекіту.

7. «Айтмуратов» ШҚ, Жанабегенов Б.С., Жұмабеков Н.З., «Керейт» ЖҚ, «Құдабаев Мейрамбек» ЖҚ, «Малика» ЖҚ, «Береке» ШҚ, «Иса» ШҚ, «Суйиндик» ШҚ, Қараманов Ғ.А., «Муратбеков Х» ШҚ, «Сандибек» ШҚ, Усенова М.С. серіктестіктен берілген несие қарыздарын баланстан тыс шығару туралы.

Сонымен қатар құрылтайшылар күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлерініз бар болса жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» КС» ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 040 540 001 348)

Сағыныш болды дидарын

Жалған өмірдің қай тұста шектелерін кім білсін?! Расында, адам баласы Алланың пендесіне өлшеп берген ғұмырынан артық жасамайтынын білсек те, жақынын кім ажалға қияды дейсін?! Иә, әркез жанымызға жалау болып, амандығымыз бен жақсылығымызды тілеп отыратын тілеулес, жанашыр жан, бір шаңырақтың сүйеуі бола білген ардақты бауырымыз, Ақсуат ауылының құрметті азаматы Естаев Қалдырбек Боранбайұлының арамдыдан мәңгілікке алыстап, келестің кемесіне мініп кеткеніне жыл болыпты.

Иә, бір шаңырақтың ақылшысы, ағайын-туысқа сыйлы, абыройлы, бауырға жанашыр болды. Қашан да адал тілеуімізді тілеп, қолтығымыздан демеуге дайын тұратын қимасымыздың өмірдегі адалдығы мен тірлігіндегі еңегісі көпке ұлгі боларлықтай. Қашанда жүзінен күлкі кетпей, жанары нұрланып, қолдау білдіріп жүретін қадірліміздің ортамызда жоқтығы жанымызға батады. Жан жарамызды жанар жасымыз емдейтіндей сағынып, іздеп отырамыз. Аман қанша, Алланың ісіне пенденің қолынан келер шара бар ма?!

Кен пейілді, дархан көңіл асыл жан, Ерекше еді болысында нар тұлған. Іскер басшы ауылшыға көркейтпін, Бата менен алғыс алған халқыңнан. Көтере білдің тағдырдың қатал сынағын, Жайқалып өссін сонда қалған құрағын. Қабыл болып Құранын менен дұғаның, Бұйыртысын Аллам пейіштің жайлы жұмағын.

Еске алушылар: қарындасы Мария-Баһадур, Жемісқабатар әулеті.



Простатит, аденома, уретрит, белсіздік пен бедеулік, несеп шығару жүйесінің бұзылуы?!



Құрметті оқырмандар! Еліміздегі ер азаматтарда кездесетін өте күрделі, созылмалы түрдегі Простатит ауруының шешімі табылды! Егер де простатит пен аденома, бедеулік пен белсіздік, несеп-жыныс жүйесінің өзге де бұзылыстары, атап айтқанда кіші дәретке жиі шығу, қуықтың толық босамауы, дәреттің қалып қоюы, зәр сындыру барысындағы ашу-шаншу сезімдері сізге маза бермей қойған болса, әлемнің 32 елінің денсаулық сақтау министрліктері мақұлдаған «ПРОСТАТИНОР» өнімін ұсынамыз. «ПРОСТАТИНОР» әлемдік тәжірибеде мойындалған дәрі-дәрмектің отаны Үндістан елінде шығарылады. Бұл өнімнің бір артықшылығы әрі ерекшелігі фармацевтикалық, химиялық дәрі-дәрмек секілді емес, яғни тек қана табиғи емдік шөптерден біріктірілген күйде парафармацевтикалық бағытта атақты Surya Herbal Limited компаниясының базасында дайындалады.

«ПРОСТАТИНОР» препараты – аты айтып тұрғандай, қуықасты безі қабынып, гормондық теңгерімді бұзылып, жыныстық қатынаста әлсіздікті сезініп жүрген ер азаматтардың мәселесін шешуге арналған өнім.

Егер де сіз жоғарыда айтып өткендей жағдайларды бастан кешіп жүрген болсаңыз, қамықпаңыз! «ПРОСТАТИНОР» препаратын қабылдап болсаңыз, бірінші кезекте толық зәр жолдары мен несеп-қуық жолдарындағы қабынуды тудыратын бактерия, инфекция мен микроорганизмдерді тазалап өтеді, сифилис, гонорея, хламидиоз, трихомониаз деген бұрындыры жұқтырған инфекциялық аурулардың қалып қойған қалдығын шығарады.

Мына телефон нөмері бойынша білікті мамандардан кеңес алып, «Простатинорға» тапсырыс бере аласыз: 8 778 021 39 39 немесе www.sauylktyyn-syry.kz сайты арқылы. Қазақстан бойынша орталыққа қоңырау шалу, мамандардан кеңес алу, жеткізу қызметі тегін!

Тиімді ұсыныс!

«ПРОСТАТИНОР» өніміне

-30% жеңілдікпен тапсырыс беріңіз!

Тұтынушы пікірі:

Армысыздар! Менің аты-жөнім Бейсенов Құрманғали. Қарағанды өңірінен боламын. Өзімнің нәтижемен бөліскім келіп отыр. Қанша жылдар бойы мазалаған ауруым бар еді. Простатит, аденома дей ма, болған сол. Қанша емделдім. Врачтарға қаралдым. Ем алдым. Бірақ көңілден шығатындай нәтиже көре алмадым, шыны айтсам. Операцияға деді, оған операция жасатуға қорықтым. Сосын осы сендердің мына «Простатинор» өнімі жөнінде естіп, уақытында хабарласып, мамандар толық мағлұмат беріп, осы өнімнің екі айлық курсы алып іштім. Қазір шүкір. Анализдерім жақсы шықты. Күндіз-түні кіші дәретке жүгірмейтін болдым. Ұйқымы тыныш. Қанша болды, қазір ауруым мазаламайды. Сол алғысымды білдіргім келіп жазып отырғаным. Рахмет, сіздерге!

Құрмандығы өтегі бекенді ақтар: ешқандай химиялық қоспа жоқ. Дозаны мен қолында мерзімі: 1 айда жоғары. Қарсы көрсеткіштің қолдануына жолықпайсыз.

Банктік қосымшалар арқылы 3-6-12 айға бөліп төлеу мүмкіндігі!

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
өсп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.